

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Педагогика және психология факультетінің докторанты К.Ж. Альменбетованың 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін білім алушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Белгілі бір ғылымның дамуына сол салада қабілеттерін көрсететін адамдар негізгі үлесті қосатыны белгілі. Осыған байланысты мектеп өз алдына білім алушылардың математикалық қабілеттерін, бейімділігі мен қызығушылықтарын жан-жақты дамыту, математикалық мәдениет деңгейін, білім алушылардың математикалық даму деңгейін арттыру міндетін қояды. Кейбір ғалымдардың пікірінше, математика пәніне қабілетті білім алушыларды іздеудің орнына барлық білім алушылардың математикалық даму мүмкіндіктерін іздеумен айналысу керек деп санайды. Бірақ бұл жағдайда біреуі екіншісін толықтырады. Көптеген мұғалімдер, тіпті психологтардың мынадай қабілеттілік туралы ұстанатын көзқарастары бар. Олар арнайы қабілеттерді неғұрлым ертерек дамытса, соғұрлым қабілетті болады дейді. Егер біз бір жағынан даму кезеңдері туралы физиологиялық және психофизиологиялық зерттеулерді және екінші жағынан жалпы қабілеттердің даму заңдылықтарын зерттейтін болсақ, онда көрнекті математик ұсынған ұстаным психологиялық тұрғыдан әлдеқайда негізделген екенін мойындаймыз.

Осы тұрғыдан алғанда, К. Альменбетованың жазған диссертациясы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін білім алушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға даярлаудың мазмұнын анықтау көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады, яғни, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін білім алушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға даярлаудың теориялық және тәжірибелік маңызы бар.

Диссертацияның мазмұндық құрылымы нақтыланған және зерттеушінің алдына қойылған мақсатты шешу барысындағы ғылыми зерттеу міндеттеріне сәйкес келеді.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін білім алушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға даярлаудың ғылыми-теориялық негіздері» атты бірінші бөлімінде зерттеу жұмысы бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерге теориялық талдау жасалды. Сонымен қатар, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін білім алушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға даярлаудың қазіргі жағдайы талданып, математикалық қабілеттерді дамытудың педагогикалық шарттары, теориялық моделі дайындалып, оның өлшемдері белгіленді.

«Бастауыш білім алушыларының математикалық қабілеттерін дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар» атты екінші бөлімінде бастауыш сынып білім алушыларының

математикалық қабілеттерін дамытудың әдістемесі ұсынылып, даярлау мүмкіндіктері талданды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін білім алушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға даярлау бойынша зерттеу жұмыстары эксперимент жүзінде тексеруден өткізілді. Тәжірибелік эксперимент барысында оның нәтижелеріне талдау жасалды. Сонымен қатар, эксперимент нәтижелері сапалық және сандық әдістермен қорытындыланды. Педагогикалық эксперимент жұмыстарының нәтижелері математикалық тұрғыдан өңделіп, ұсыныстар әзірленді.

К. Альменбетованың диссертациялық зерттеуінің ғылыми-тәжірибелік нәтижелері мазмұнының ішкі бірлігімен, тұжырымдық ішкі тұтастығымен және зерттеудің негізгі қорытындылары үйлесімді бірлігімен сипатталады.


Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге енгізу мақалаларды, баяндамаларды жариялау және оларды ғылыми-практикалық, халықаралық конференцияларда талқылау жолымен жүзеге асырылды.

К. Альменбетованың «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін білім алушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толығымен аяқталған, ғылыми зерттеу жеткілікті теориялық деңгейде жазылған және тәжірибелік маңызы бар деп санауға болады.


Қорыта келе, «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін білім алушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс автордың өз бетінше жеткілікті жоғары деңгейде орындаған және толық аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Ал, Альменбетова Карлыгаш Жапсарбаевнаны 6D010200–«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші:

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор



К.Т. Ыбыраимжанов



Қолы

Ыбыраимжанов КТ